



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
МИНИСТЕРСТВО ВНУТРЕННИХ ДЕЛ
КАРАГАНДИНСКАЯ АКАДЕМИЯ ИМЕНИ БАРИМБЕКА БЕЙСЕНОВА

KARAGANDA ACADEMY
OF THE MINISTRY OF INTERNAL AFFAIRS
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN NAMED AFTER B. BEYSENOV



ХАБАРШЫ – ВЕСТНИК

№ 1 (79)

2023

**Қазақстан Республикасы ІІМ
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының
2023 жылғы 31 наурыз
№ 1 (79)
«ХАБАРШЫ — ВЕСТНИК» журналы**

Қазақстан Республикасының Мәдениет және
ақпарат министрлігінде тіркелген

31.05.2012 ж. № 12781-Ж Куәлік

Серия 1972 жылы құрылған.

Ғылыми жұмыстың негізгі нәтижелерін жариялау үшін
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету
комитеті ұсынатын басылымдар тізбесіне енгізілген
(Қазақстан Республикасы БҒМ 2021 жылғы 11 ақпандағы
№ 2 ҚБПУ бұйрығы).

Бас редакторы

О. Т. Сейтжанов, заң ғылымдарының кандидаты, доцент

Редакциялық алқа

М. Ю. Бурдин, заң ғылымдарының докторы, профессор
(Украина);

В. Н. Стратонов, заң ғылымдарының докторы, профессор,
Украинаның еңбек сіңірген заңгері;

А. Х. Миндагулов, заң ғылымдарының докторы, профессор
(Ресей Федерациясы);

У. Х. Мухамедов, заң ғылымдарының докторы, профессор
(Өзбекстан Республикасы);

И. А. Насонова, заң ғылымдарының докторы, профессор
(Ресей Федерациясы);

Н. С. Нижник, заң ғылымдарының докторы, профессор,
Жоғары мектептің еңбек сіңірген қызметкері
(Ресей Федерациясы);

К. М. Осмоналиев, заң ғылымдарының докторы, профессор
(Қырғызстан Республикасы);

В. В. Кожокар, заң ғылымдарының кандидаты
(Ресей Федерациясы);

П. В. Гридюшко, заң ғылымдарының кандидаты, доцент
(Беларусь Республикасы);

Уфук Айхан, қауымдастырылған профессор
(Түрік Республикасы);

И. Ш. Борчашвили, заң ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері;

С. Е. Қайыржанова, заң ғылымдарының докторы, доцент;

М. Ч. Қоғамов, заң ғылымдарының докторы, профессор;

К. С. Лакбаев, заң ғылымдарының докторы, профессор;

С. С. Молдабаев, заң ғылымдарының докторы, профессор;

Е. О. Түзелбаев, заң ғылымдарының докторы, профессор;

З. С. Тоқыбаев, заң ғылымдарының докторы, профессор;

А. Д. Шаймұханов, заң ғылымдарының докторы, профессор;

С. Қ. Алтайбаев, заң ғылымдарының кандидаты;

А. Б. Жакулин, заң ғылымдарының кандидаты, доцент;

Ж. Ш. Құсайынов, заң ғылымдарының магистрі(жауапты
хатшы).

**Нөмірмен жұмыс
істегендер**

Редакторлар

Лухтина Е. Ю.

Қалиев Б. А.

**Дизайн,
техникалық редакциялау
және компьютерлік
беттеу:**

Аубакирова С. М.

Басуға 15.02.2023 ж.

тапсырылды

Баспаға 24.03.2023 ж.

қол қойылды

Шартты баспа табақ 31,7.

Формат 60×84^{1/8}.

Офсеттік қағаз.

Баспа офсеттік.

Тапсырыс № 1356.

Тиражы 200 дана.

*Тоқсанына 1 рет
басылып шығарылады*

Редакция материалдарды
қайтармайды.

Материалдарды қайта басып
шығару редакцияның
рұқсатымен ғана мүмкін.

Қазақстан Республикасы ІІМ
Б. Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының
2023 жылға Ведомстволық
әдебиетті басып шығарудың
тақырыптық жоспары
№ 1 позициясы.

Қазақстан Республикасы ІІМ
Б. Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының
баспаханасында басылған,
Қарағанды қ.,

Ермеков көшесі, 124.

журнал «ХАБАРШЫ — ВЕСТНИК»

Карагандинской академии
МВД РК им. Баримбека Бейсенова

№ 1 (79) за 2023 год

31 марта

Зарегистрирован в Министерстве культуры и
информации Республики Казахстан,

свидетельство № 12781-Ж от 31.05.2012 г.

Серия основана в 1972 г.

Включен в перечень изданий, рекомендуемых Комитетом
по обеспечению качества в сфере образования и науки
Министерства образования и науки Республики Казахстан
для публикации основных результатов научной деятельности
(приказ МОН РК № 2 ДСП от 11 февраля 2021 года).

Главный редактор

О. Т. Сейтжанов, кандидат юридических наук, доцент

Редакционная коллегия

М. Ю. Бурдин, доктор юридических наук, профессор
(Украина);

В. Н. Стратонов, доктор юридических наук, профессор,
Заслуженный юрист Украины;

А. Х. Миндагулов, доктор юридических наук, профессор
(Российская Федерация);

У. Х. Мухамедов, доктор юридических наук, профессор
(Республика Узбекистан);

И. А. Насонова, доктор юридических наук, профессор
(Российская Федерация);

Н. С. Нижник, доктор юридических наук, профессор,
Заслуженный работник высшей школы
(Российская Федерация);

К. М. Осмоналиев, доктор юридических наук, профессор
(Кыргызская Республика);

В. В. Кожокар, кандидат юридических наук
(Российская Федерация);

П. В. Гридюшко, кандидат юридических наук, доцент
(Республика Беларусь);

Уфук Айхан, ассоциированный профессор
(Турецкая Республика);

И. Ш. Борчашвили, доктор юридических наук, профессор,
Заслуженный деятель Казахстана;

С. Е. Каиржанова, доктор юридических наук, доцент;

М. Ч. Когамов, доктор юридических наук, профессор;

К. С. Лакбаев, доктор юридических наук, профессор;

С. С. Молдабаев, доктор юридических наук, профессор;

Е. О. Тузельбаев, доктор юридических наук, профессор;

З. С. Токубаев, доктор юридических наук, профессор;

А. Д. Шаймуханов, доктор юридических наук, профессор;

С. К. Алтайбаев, кандидат юридических наук;

А. Б. Жакулин, кандидат юридических наук, доцент;

Ж. Ш. Кусяинов, магистр юридических наук
(ответственный секретарь).

Над номером работали

Редакторы

Е. Ю. Лухтина,

Б. А. Қалиев

**Дизайн,
техническое
редактирование,
компьютерная вёрстка:**
С. М. Аубакирова

Сдано в набор 15.02.2023.

Подписано в печать 24.03.2023.

Усл. печ. л. 31,7.

Формат 60×84^{1/8}.

Бумага офсетная.

Печать офсетная.

Заказ № 1356.

Тираж 200 экз.

Издается 1 раз в квартал

Материалы редакцией
не возвращаются.

Перепечатка материалов
возможна только
с разрешения редакции.

Тематический план издания
ведомственной литературы
Карагандинской академии
МВД РК им. Б. Бейсенова
на 2023 г., позиция № 1.
Отпечатано в типографии
Карагандинской академии
МВД РК им. Б. Бейсенова,
г. Караганда,
ул. Ермекова, 124.

**The journal «KHABARSHI — VESTNIK»
of the Karaganda Academy
of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan
No. 1 (79) for 2023
March 31**

**Registered with the Ministry of Culture and
Information of the Republic of Kazakhstan,
certificate No. 12781-Zh of 31.05.2012**

The series was founded in 1972.

It is included in the list of publications recommended by the
Committee for Quality Assurance in the Field of Education and
Science of the Ministry of Education and Science of the Republic
of Kazakhstan for the publication of the main results of scientific
activity (Order of the Ministry of Education and Science of the
Republic of Kazakhstan No. 2 for official use dated
February 11, 2021).

Chief editor

O. T. Seyitzhanov, *Candidate of Law, Associate Professor*

Editorial board

M. Y. Burdin, *Doctor of Law, Professor*
(Ukraine);

V. N. Stratonov, *Doctor of Law, Professor,*
Honored Lawyer of Ukraine;

A. Kh. Mindagulov, *Doctor of Law, Professor*
(Russian Federation);

U. H. Mukhamedov, *Doctor of Law, Professor*
(Republic of Uzbekistan);

I. A. Nasonova, *Doctor of Law, Professor*
(Russian Federation);

N. S. Nizhnik, *Doctor of Law,*
Professor, Honored Worker of Higher Education
(Russian Federation);

K. M. Osmonaliev, *Doctor of Law, Professor*
(Kyrgyz Republic);

V. V. Kozhokar, *Candidate of Law*
(Russian Federation);

P. Gridyushko, *candidate of legal Sciences, associate Professor*
(Republic Of Belarus);

Ufuk Ayhan, *Associate Professor*
(Turkish Republic);

I. Sh. Borchashvili, *doctor of law, Professor,*
honored worker of Kazakhstan;

S. E. Kairzhanova, *doctor of legal Sciences, associate Professor;*

M. H. Kogamov, *doctor of law, Professor;*

K. S. Sakbaev, *doctor of law, Professor;*

S. S. Moldabaev, *doctor of law, Professor;*

E. O. Tuzelbaev, *doctor of law, Professor;*

Z. S. Tokubaev, *doctor of law, Professor;*

A. D. Shaimukhanov, *doctor of law, Professor;*

S. K. Altybaev, *candidate of legal Sciences;*

A. B. Jakulin, *candidate of legal Sciences, associate Professor;*

Zh. Sh. Kussainov, *Master of Laws*
(Executive Secretary).

Worked on the issue:

Editors:

E. Yu. Lukhtina,
B. A. Kaliev

Design,
technical editing,
computer layout:

S. M. Aubakirova

Submitted to the set on
15.02.2023.

Signed to the press in 24.03.2023.
Conditional printed sheet 31,7.

The format is 60×84¹/₈.

Offset paper.

Offset printing.

Order No. 1356.

Edition of 200 copies.

Published 1 time per quarter

Materials are not returned
by the editorial board.

Reprint of materials is possible
only with the permission
of the editorial board.

Thematic plan of publishing
departmental literature of the
Karaganda Academy of the
Ministry of Internal Affairs
of the Republic of Kazakhstan
named after B. Beisenov for
2023, position No.1.

Printed in the printing house of
the Karaganda Academy of the
Ministry of Internal Affairs of
the Republic of Kazakhstan
named after B. Beisenov,
Karaganda,
Yermekova str., 124.

ӘОЖ 349.6 (574)

Пошанов Н.Н.,

*жалпы білім беру пәндері кафедрасының қауымдастырылған
профессорының міндетін атқарушы, (PhD) философия докторы
(Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ.,
Қазақстан Республикасы, e-mail: sultan.86@mail.ru);*

Иманова Д.Н.,

*зертханалық пәндер кафедрасының доценттің міндетін атқарушы,
биология ғылымдарының кандидаты
(e-mail: dairash.imanova@ayu.edu.kz);*

Танирбергенова С.Б.,

*жалпы хирургия кафедрасының оқытушысы
(Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.,
Қазақстан Республикасы, e-mail: kojek_89@mail.ru)*

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалаудың түсінігі, құқықтық болмысы, мазмұны

Аннотация. Мақалада қоршаған ортаны қорғау саласында жүзеге асырылатын экологиялық бақылау және қадағалау ұғымдары қарастырылады. Авторлар ғылымда бұл ұғымдардың мазмұнына қатысты консенсус жоқ екенін атап өтті. Бірқатар заңгер ғалымдар экологиялық бақылау мен қадағалау тұжырымдамалары бір-біріне өте жақын және ұқсас деп санайды, ал кейбіреулері бұл екі ұғымды бөлек қарастырады. Заң әдебиеті мен заңнамасында бұл ұғымдарды нақты ажырату болмағандықтан, кейде шатасулар пайда болады. Авторлар әртүрлі көзқарастарды қарастырады, осы анықтамалардың мазмұнына өзіндік талдау жасайды және өз көзқарастарын ұсынады.

Негізгі сөздер: қоршаған ортаны қорғау, экологиялық бақылау, экологиялық қадағалау, мемлекеттік басқару, мемлекеттік орган, экологиялық заңнама.

Құқықтық әдебиеттерде экологиялық бақылау мен қадағалау мәселелеріне айтарлықтай назар аударылған. Сонымен қатар, қазіргі заманғы ғылым мен экологиялық заңнаманың дамуы кезеңінде экологиялық бақылау мен қадағалау ұғымдарын анықтау мәселелері толық шешімін таппаған күйде қалып отыр. Сондықтан, аталған мәселені теориялық және практикалық тұрғыда зерттеу қажет.

Экологиялық бақылау ұғымының анықтамасына тікелей кіріспес бұрын, қоршаған ортаны қорғау саласындағы басты міндет — биологиялық тепе-теңдікті сақтау және осы саладағы тиімді мемлекеттік басқаруды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттің қызметі екендігін атап өткен жөн.

«Экологиялық бақылау» термині заңнамада, ғылыми әдебиеттерде, практикалық қызмет саласында жиі пайдаланылады. Дегенмен, құқықтық әдебиеттерде экологиялық бақылау мен қадағалаудың құқықтық сипаты, функционалдық мақсаты, ерекшеліктері және мазмұны туралы ортақ пікірлер жоқ.

Экологиялық бақылау мен қадағалау терминінің мазмұнын түсінуде, ең алдымен, мәселенің жаңалығына байланысты бірлік жоқ. Қолданыстағы заңнама органдардың міндеттері мен өкілеттіктерінің әртүрлі құрылымдарда бірге және бөлек жүзеге асырылуына мүмкіндік беретіндігіне байланысты, оларды саралаудың қажеттілігі практикалық маңызға ие болады. Сонымен қатар, бір органда бақылау және қадағалау функцияларының шоғырлануы, оларды саралаудың маңыздылығын азайтпайды. Біріншіден, экологиялық бақылауды жүзеге асыру барысында заңнама талаптарының бұзылуы орын алған жағдайда, ол қадағалау тәртібімен жойылуы мүмкін. Екіншіден, бір органның бақылау және қадағалау өкілеттіктері әртүрлі объектілерге қатысты жүзеге асырылғанда, олардың көлемі сәйкес келмеуі мүмкін. Үшіншіден, бақылау және қадағалау функцияларының нормативтік параметрлерінің анықтал-

мағандығы билікті асыра пайдалануға немесе мемлекеттік органдардың өздеріне жүктелген бақылау және қадағалау функцияларын орындамауына алып келеді.

Құқықтық әдебиеттерде, авторлардың экологиялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асырудың мақсаттары, міндеттері мен құралдарын түсінуіне байланысты, оларды саралаудың әртүрлі критерийлері ұсынылады.

А.И. Жмотов бақылау және қадағалау функцияларының сәйкес келмейтіндігін атап көрсетеді: «Бақылау бақылаудағы объектілердің жедел-қызметтік іс-әрекетіне терең және жан-жақты ену арқылы сипатталады және оның үш міндетті элементі болады (нақты нәтижені тексеру, оған қол жеткізу жолдары мен құралдары, сондай-ақ тексеру нәтижесі бойынша іс-қимыл жасау). Ал, қадағалау болса, бақылаудағы объектілердің жедел-қызметтік іс-әрекетіне тікелей араласу құқығынсыз құқық бұзушылық фактілерін анықтауға және оларды жою жөніндегі шаралар қабылдауға бағытталған» [1, 103].

В.П. Беляевтің пікірінше, келесі критерийлер мемлекеттік бақылау мен қадағалауды ажыратудың негізі болып табылады: рұқсат беру үшін құрылған органның немесе басқа органның негізгі міндеті; тиісті бақылау және қадағалау органдары өкілеттіктерінің сипаты; мемлекеттік органдар жүйесінде олардың әрқайсысының атқаратын лауазымы [2, 14].

Қадағалау органының айрықша ерекшелігі ретінде бақылау және қадағалаудың мақсаттары мен міндеттерінің ортақ болуына байланысты, Н.А. Бекбергенов заңдылықты қадағалау арқылы жүзеге асыратын органдардың экономикалық және ұйымдастырушылық қызметіне тікелей араласпайды деп көрсетеді. Сондай-ақ, практикалық мақсаттылық тұрғысынан тиісті мемлекеттік басқару органдарының қызметі мен актілеріне әсер етпейді, тек мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың, лауазымды тұлғалардың және азаматтардың заң бұзушылыққа жол бермеуін қадағалайды деп көрсетеді [3, 59].

Құқықтық әдебиеттерде экологиялық бақылау ұғымына қатысты бірқатар ғалымдар анықтама келтірген. Солардың бірнешеуіне тоқталып өтейік.

Мысалы, ғалым В.В. Петровтың пікірі бойынша, экологиялық бақылау дегеніміз тұтастай алғанда «кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, яғни барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер мен азаматтардың қоршаған ортаны қорғау және қоғамның да экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі экологиялық талаптарды сақтауын тексеру» болып табылады. Сондай-ақ, В.В. Петров экологиялық бақылауды — қоршаған ортаны қорғау сапасын басқару жүйесіндегі тиісті ұйымдарға осы жүйеге қатысты ақпаратты жинау және беру, бүкіл басқару механизмінің тиімді жұмысын қамтамасыз ететін қажетті жазалау шараларын қолдану үшін оның әртүрлі элементтерінің жұмыс істеуі деп түсіндіреді [4, 239].

Кейбір авторлар экологиялық бақылауды кең және тар мағынада бөліп қарастырады. Мәселен, ғалым Д.Л. Байдельдинов экологиялық бақылауды кең мағынада (қоғамның экологиялық қауіпсіздігін сақтау) және тар мағынада (қоршаған ортаға, оның нысандарына, адам өміріне және денсаулығына зиянды әсерлерді жою мақсатында қолданыстағы заңнаманың экологиялық нормалары мен талаптарының орындалуын тексеру) түсінуге болатынын алға тартады [5, 162].

С.Т. Култелеев өз еңбегінде «экологиялық бақылау — табиғатты ұтымды пайдалану мен қоршаған ортаны зиянды әсерлерден қорғауды қамтамасыз ететін маңызды құқықтық ықпал ету шарасы, мемлекеттік басқару функциясы және экологиялық құқықтық институт» деп көрсетеді [6, 202].

С.Д. Бекишева «кең» мағынада «экологиялық бақылаудың компоненті» шаруашылық және басқа да қызметтердің бекітілген экологиялық заңнамаға сәйкестігін бақылау екенін айтады. Олай болса, «кең» мағынада экологиялық бақылау дегеніміз мемлекеттік органдардың және өзге де тұлғалардың шаруашылық және басқа да қызметтердің экологиялық талаптарға сәйкестігін қадағалауға; қоршаған табиғи ортаны қорғау және сауықтыру, табиғи ресурстарды молайту және ұтымды пайдалану жоспары мен шараларының орындалуын тексеруге;

сәйкессіздіктерді болдырмау немесе жою, құқық бұзушыларды жауапқа тарту жөніндегі іс-шараларды қабылдауға бағытталған мақсатты іс-әрекетін білдіреді» [7, 148].

С.Д. Бекишеваның ойынша, «тар» мағынада «экологиялық бақылау» — бұл жеке және заңды тұлғалардың экологиялық заңнама талаптарын сақтауын тексеруге, экологиялық құқық бұзушылықтарды болдырмау немесе жою және құқық бұзушыларды жауапқа тарту жөніндегі іс-шараларды қабылдауға бағытталған іс-әрекет болып табылады» [7, 148].

Жоғарыда аталған ғалымдардың қай-қайсысының да болмасын пікірлері бір-бірінен алшақ емес және мағынасы жағынан бір-біріне өте жақын.

Бүгінгі күні мемлекеттік органдардың қызметінде бақылау және қадағалау функцияларын ажырату маңызды теориялық және қолданбалы маңызға ие. Бұлай ажырату терминологиялық шатасуларды болдырмауға, аталған органның мәртебесін дұрыс түсінуге, оның қызметінің негізі мен бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бақылаудағы және қадағалаудағы субъектілерге сәйкес, бақылау және қадағалау институттары арақатынасының табиғаты мен сипатын анықтауға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта құқықтық әдебиеттерде «бақылау» және «қадағалау» терминдері синонимдер ретінде пайдаланылады, тек қана әдебиеттерде емес, сонымен қатар, қолданыстағы заңнамада бұл терминдер қатар қолданылады. Бұл тек терминологиялық «тазалықты» бұзу ғана емес, бақылау және қадағалау құрылымдарының қызметтерінің араласып, ара-жігін ажырату мүмкіндігін жояды.

Құқықтық әдебиеттерді талдау бақылау қызметінің келесідей нақты ерекшеліктерін ажыратуға мүмкіндік береді:

1) мақсаты мен міндеттері бойынша көптеген мәселелерді шешеді (бақыланатын нысанның ұйымдық атқару және билік жүргізу қызметіндегі басқару шешімдерінің нақты орындалуын бақылау; қоғамдық-саяси және құқықтық үдерістерге әділ баға беру; бақыланатын нысанның іс-әрекетін жақсарту жөнінде шешім қабылдау; заңнама талаптарының бұзылғаны анықталған жағдайда кінәлілерді жауапқа тарту; құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында тиісті іс-шаралар қабылдау; қабылданған шешімдерді жедел әрі сапалы орындау);

2) мазмұны мен көлемі бойынша біртұтас бақылау жүйесін қамтиды;

3) қозғаушы қасиеті арқылы қоғамдық қатынастарға қатысушы субъектілердің жүріс-тұрысы мен іс-әрекетіне қатысты нормативті-құқықтық талаптардың сақталуы үшін едәуір қолайлы шарттарды қалыптастыруға, құқықтық реттеу тиімділігін қамтамасыз етуге, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қалпына келтіруге мүмкіндік береді;

4) сан алуан субъектілер тарапынан жүзеге асырылады;

5) сондай-ақ, бақылау қызметінің ерекшелігі алынған материалдық-құқықтық нәтижелердің мазмұнынан тұрады. Бақылаудың объективті салдары — бақыланатын объектінің қызметін бағалаумен қатар, басқарушылық қызметтегі қателіктер мен жаңылысуларды жоюда өзінің өкілеттіктерін анықтайтын, басқару процесіне ұйымдастырушылық бастамаларды енгізетін, субъектілердің заңсыз қызметіне жол бермейтін, алдын алу шараларын анықтайтын, биліктік жеке-құқықтық акт болып табылады;

6) бақылау қызметі құқықтық реттеу әдістері арқылы өзіне рұқсат етуші, әкімшілік және юрисдикциялық әдістердің кейбір қасиеттерін біріктіретін, сондай-ақ реттеуші және қорғаушы қатынастар саласында әрекет ете алатындығымен ерекшеленеді [8, 10].

Осылайша, экологиялық бақылауды жүзеге асыратын органдардың өкілеттіктері әкімшілік сипатта болады. Аталған органдардың орындалуы міндетті бұйрықтар шығаруға, кәсіпорындарға берілген рұқсаттар мен лицензиялардың әрекетін тоқтатуға, жұмысында ақауы бар нысандарды қабылдаудан бас тартуға, әкімшілік айыппұл салуға құқығы бар.

Қадағалаушы органдарға әкімшілік өкілеттік берілмеген. Олар тек қана экологиялық заңнаманың бұзылу фактісін анықтап, оның себептерін және оған негіз болған шарттарды жою, кінәлі тұлғаларды жауапқа тарту мәселелерін шешу үшін тиісті органдардың немесе соттың қарауына ұсынады.

Табиғи ресурстарды пайдалану және қорғау саласындағы экологиялық бақылаудың құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Экология кодексі құрайды. Мұнда бақылаудың негізгі түрлері ретінде қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау, өндірістік экологиялық бақылау және қоғамдық экологиялық бақылау көрсетілген. Экологиялық бақылау жүйесінде мемлекеттік экологиялық бақылауға жетекші рөл жүктелген. Экологиялық кодексте мемлекеттік бақылаудың мақсаты, міндеттері, негізгі бағыттары, түрлері және мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалардың құзыреті, құқықтары және міндеттері жан-жақты реттелген [9].

Ал енді қолданыстағы Кәсіпкерлік кодекс нормаларына сүйенетін болсақ, Мемлекеттік бақылауға — «бақылау және қадағалау органының тексерілетін субъектілер қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан тексеру және байқау жөніндегі қызметі мемлекеттік бақылау болып табылады» деп анықтама берілген, оны жүзеге асыру барысында және оның нәтижелері бойынша жедел ден қоюсыз құқық шектеуші сипаттағы шаралар қолданылуы мүмкін. Ал, мемлекеттік қадағалауға — «бақылау және қадағалау органының өз қызметін жүзеге асыру барысында жедел ден қою шараларын қолдану құқығымен Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын қадағалау субъектілерінің сақтауын тексеру, профилактика жүргізу және байқау жөніндегі қызметі мемлекеттік қадағалау болып табылады» делінген, оның нәтижелері бойынша әкімшілік жазалар қолданылуы мүмкін.

Қадағалау:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасына сәйкес мемлекет атынан прокуратура жүзеге асыратын жоғары қадағалау;

2) Кәсіпкерлік Кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен және шарттарда уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асыратын қадағалау болып бөлінеді [10].

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалау ұғымдарының мәнін ашуға бағытталған талдауымызды аяқтай келе, төмендегідей қорытынды жасауға болады.

Экологиялық бақылау — жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық және өзге де қызметінің Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан тексеру және байқау жөніндегі оның нәтижелері бойынша ықпал ету тәсілдерін қолдану құқығынсыз құқық шектеуші сипаттағы шаралар қолданылуы мүмкін мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар қызметі.

Ал, экологиялық қадағалау — қоршаған ортаға қауіпті салдарлардың туындауын болғызбау мақсатында қолданылатын ықпал ету тәсілдерін қолдану құқығымен жеке және заңды тұлғалардың экологиялық заңнама талаптарын сақтауын тексеруге, экологиялық құқық бұзушылықтарды болдырмау немесе алдын алуға және байқауға бағытталған мемлекеттік органдардың қызметі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жмотов А.И. Государственное управление охраной природы в СССР. — М., 1983. — 128 с.
2. Беляев В.П. Контроль и надзор как формы юридической деятельности: Вопросы теории и практики: Автореф. ... д-ра юрид. наук: 12.00.01. — Саратов, 2006. — 55 с.
3. Бекбергенов Н.А. Правоохранительная система в Республике Казахстан: Учеб. пос. — Астана: Фолиант, 2000. — 216 с.
4. Петров В.В. Экологическое право России: Учебн. для вузов. — М.: БЕК, 1995. — 557 с.

5. Байдельдинов Д.Л. Правовой механизм государственного управления в области экологии. — Алматы: Қазақ Университеті, 1998. — 230 с.
6. Култеев С.Т. Экологическое право Республики Казахстан. Общая часть. — 2-е изд., доп. и перер. — Алматы, 2011. — 432 с.
7. Бекишева С.Д. Проблемы охраны окружающей среды в деятельности органов прокуратуры и Министерства внутренних дел: Дис. ... канд. юрид. наук. — Алматы, 2002. — 177 с.
8. Смаилова И.Е. Законодательные основы обеспечения государственного контроля в Республике Казахстан: Автореф. ... канд. юрид. наук: 12.00.02. — Алматы, 2010. — 26 с.
9. Қазақстан Республикасының Экология кодексі 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ // Егемен Қазақстан. 2021. 5 қаңтар.
10. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ // Егемен Қазақстан. 2015. 3 қараша.

Пошанов Н.Н.,

*и.о. ассоциированного профессора кафедры общеобразовательных дисциплин,
доктор философии (PhD)*

*(Международный университет туризма и гостеприимства,
г. Туркестан, Республика Казахстан, e-mail: sultan.86@mail.ru);*

Иманова Д.Н.,

*и.о. доцента кафедры лабораторных дисциплин, кандидат биологических наук
(e-mail: dairash.imanova@ayu.edu.kz);*

Танирбергенова С.Б.,

преподаватель кафедры общей хирургии

*(Международный казахско-турецкий университет им. Х. А. Ясауи,
г. Туркестан, Республика Казахстан, e-mail: kojek_89@mail.ru)*

Понятие, правовая сущность, содержание экологического контроля и надзора в области охраны окружающей среды

Аннотация. В статье рассматриваются понятия экологического контроля и надзора, осуществляемые в области охраны окружающей среды. Авторы отмечают, что в науке нет единого мнения относительно содержания данных понятий. Ряд ученых-юристов считает, что концепции экологического контроля и надзора очень близки друг к другу и являются сходными, а некоторые рассматривают эти два понятия по отдельности. Поскольку в юридической литературе и законодательстве нет четкого разграничения этих понятий, иногда возникает путаница. Авторы рассматривают различные точки зрения, проводят собственный анализ содержания данных дефиниций и предлагают свою точку зрения.

Ключевые слова: охрана окружающей среды, экологический контроль, экологический надзор, государственное управление, государственный орган, экологическое законодательство.

N.N. Poshanov,

*Acting Associate Professor of the Department of General Education Disciplines,
Doctor of Philosophy (PhD)*

*(International University of Tourism and Hospitality,
Republic of Kazakhstan, Turkestan, e-mail: sultan.86@mail.ru)*

D.N. Imanova,

*Associate Professor of the Department of Laboratory Disciplines, Candidate of Biological Sciences
(Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Republic of Kazakhstan, Turkestan, e-mail: dairash.imanova@ayu.edu.kz)*

S.B. Tanirbergenova,

*Lecturer of the Department of General Surgery
(Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Republic of Kazakhstan, Turkestan, e-mail: kojek_89@mail.ru)*

Annotation. The article discusses the concepts of environmental control and supervision carried out in the field of environmental protection. The authors note that there is no consensus in science regarding the content of these concepts. A number of legal scholars believe that the concepts of environmental control and supervision are very close to each other and are similar, and some consider these two concepts separately. Since there is no clear distinction between these concepts in the legal literature and legislation, sometimes confusion arises. The authors consider various points of view, conduct their own analysis of the content of these definitions and offer their point of view.

Keywords: Environmental protection, environmental control, environmental supervision, public administration, public authority, environmental legislation.



ӘОЖ 343.85

Сабитов С.М.,

*заң факультетінің, қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының меңгерушісі,
(PhD) философия докторы*

*(Alikhan Bokeikhan University) ББМ, Семей қ., Қазақстан Республикасы,
e-mail: seke_71_7@inbox.ru);*

Райбаев Д.К.,

*жалпы заң пәндері кафедрасының бастығы,
(PhD) философия докторы, полиция майоры*

*(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ. e-mail: doul_zare4ka@mail.ru);*

Айдарова А.А.,

*заң факультетінің докторанты, құқықтану магистрі
(«Alikhan Bokeikhan University) ББМ, Семей қ., Қазақстан Республикасы,
e-mail: ainur_745@mail.ru)*

Адам саудасымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды алдын алудың өзекті мәселелері

Аннотация. Мақалада адам саудасы мен адамды қанаумен байланысты қылмыстылықтың жағдайы мен үрдісіне талдау жасалған. Әлемдік қауымдастық құлдықпен 200 жыл бұрын күресуді бастаған. Экономикалық, саяси және мәдени салалардағы жаһандық интеграциялық процестер осы құбылыстың жаңа сапада, атап айтқанда жекелеген трансұлттық қылмыстық әрекеттер түрінде нақты жандануына ықпал етті. Адам саудасы феноменінің терең трансформациясы ғылыми зерттеулердің өзектілігіне ықпал етеді. Трансұлттық қылмыстың құрылымдық өзгерістері Қазақстанда адам саудасын дайындау, жасау және жасыру әдістеріндегі сапалы өзгерістерді айқындады. Адам саудасына тиімді қарсы тұру көрсетілген теріс әлеуметтік-құқықтық құбылыстың пайда болу себептері мен шарттарын сапалы ғылыми түсінуді, сондай-ақ көрсетілген қылмыстық іс-әрекетке